

## **Қазақстан Республикасының Жинақ банкісі мекемелерінде сақталатын салымдардың проценттік ставкаларын өсіру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 17 ақпан 1993 ж. N 121

Қазақстан Республикасының Жинақ банкісі мекемелерінде ақшасын сақтауға азаматтардың ынталылығын арттыру және салымшылардың мүддесі қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Халықтың Қазақстан Республикасы Жинақ банкісінің мекемелерінде сақталатын салымдарының проценттік ставкалары 1993 жылғы 1 наурыздан бастап орта есеппен кемінде екі есе арттырылсын.
2. Қазақстан Республикасының Жинақ банкісі Ұлттық банктің келісуі бойынша салымдарды сақтау мерзімдеріне қарай олардың проценттік ставкаларының нақты мөлшерін белгілесін және шығынды өтеу көздерін анықтасын.
3. Қазақстан Республикасының Жинақ банкісі салымдардың проценттік ставкалары өсірілгені туралы халыққа кеңінен хабарлап сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі